

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қазақ тілінің мәртебесін арттыру - біздің міндетімізЖАРИЯЛАНДЫ
13.10.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/126529/>

Қазақстан Республикасының тіл туралы 11-шілде 1997 жылғы заңының 4,7,9 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі.

Бүгін мемлекеттік тіліміз осы биігіне көтерілді ме? Көтерілді деуге қысыламыз. Өйткені, Конституциядағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлем орыс тілінің айын оңынан туғызып тұр. Әлі күнге дейін жиын атаулы қазақша басталып, орысша жалғасады. Қазақ депутаттар сауалдарын үкіметке орыс тілінде жолдайды. Мұны көрген орыстілді орта мемлекеттік тілді үйренуге қайдан ынта танытсын?

Белгілі журналист Есенгүл Кәпқызы мемлекеттік қызметкерлерге қазақ тілін үйретудің басқа жолын ұсынады. Ол ұсынысын өзі жүргізген зерттеуге сүйеніп жасап отыр.

– Мемлекеттік тілді дамытуға бюджеттен 2001 жылы 0,1 млрд, 2008 жылы 5 млрд, 2011-2013 жылдары 19,1 млрд теңге бөлінген. 2013 жылы бөлінген 1,7 млрд теңгеден баспа өнімдеріне 1 017 млн теңге, тілді интерактивті оқытуға 121 млн, форумдар мен конференциялар өткізуге 113 млн, тіл орталықтарын аккредитациялаудың методологиялық жүйесін жасауға 95 млн, www.til.gov.kz порталын қолдауға 43 млн, конкурстар өткізуге 31 млн теңге бөлінген. www.til.gov.kz порталын қолдауға бөлінген 43 млн теңге желге ұшты деуге болады. Себебі қазір аталған сайттың IP адресі табылмайды, – дейді Е.Кәпқызы. – Алматы қаласы бойынша 2007-2017 жылдар аралығында мемлекеттік қызметшілерге тіл үйретуге 245 млн теңге бөлінген екен. Осы қаржыларды мақсатты жұмсау үшін тапсырыс алған орындаушылар туралы ақпарат таба алмадық.

– Екі елде де мемлекеттік тіл міндетті пән ретінде оқытылады. Украинада тіл үйрену үшін мемлекеттік қызметшілерге бюджеттен ақша бөлінбейді. Ал біздің елде арнайы қаржы бөлінеді. Қазақстанда іс-қағаздардың 50 пайызы ғана мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мемлекеттік қызметке орналасу үшін украиндар сертификат тапсырады, бізде ол құжат талап етілмейді, – дейді. Осы салыстырудан-ақ сабақ алуға болатындай. Есенгүл

Кәпқызы зерттеу нәтижесіне сүйеніп, бізде тапсырыс берушінің сатып алушыны таңдау критерийлері жоқ екенін, мемлекеттік қызметшілерді оқытудың нақты методологиясы жасалмағанын, сатып алушылардың материалдық-техникалық базасы талапқа сай еместігін, сатып алушылар туралы ақпараттың жоқтығы өз алдына, олардың қызметі ашық емес екенін айтады.

– Сондықтан мемлекеттік тілді оқытқанда нақты салаға байланысты іс-қағаздарын жүргізу курсын ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар сатып алушы немесе орындаушылар туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету керек, – дейді Есенгүл Кәпқызы.

Қазіргі жастардың да сөйлеу мәнері де өзгерді. Тілімізді шұбарлап, жаргон сөздерді өзара көп қолданып айтады. Ана тілімізде қатесіз әдемі сөйлеу қалып бара жатқандығына қынжыламын. Бүгінгі таңдағы оқулықтардың өзінде грамматикалық қателіктер де шаш етекпен. Әрине мұның бәрі өз тілін енді ғана меңгеріп келе жатқан жас бүлдіршіндерге кері әсерін беруі мүмкін. Меніңше заман талабына сай балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарының оқулықтарына дейін аса зор мән беріліп, олардың аударылуы мен қатесіне жіті бақылау қажет.

Қазақтың сары даласы қандай кең болса, тілі де дәл сондай бай. Егер бүгіннен тіл мәселесін көтеріп, оның мәртебесіне мән бермесек, ертең өкініп қап жүруіміз әбден мүмкін. Себебі, әрбір ұлттың тілі, оның ұлттығын айқындайды. Тілі кеми бастаса, ұлттың да жойылу қауіпі бар. Әр ұлтқа тілінен қымбат ештеңе жоқ. Біздің талай ақын-жазушыларымыз жазып қалдырғандай, қазақ тілінің тілі орамды, тарихы тереңде.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.